



Сыр бойы



№60-61
(19738-19739)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 сәуір /СЕНБІ/ 2019 ЖЫЛ



ЭКОНОМИКА/3

Жеті жоба қосылды



ТИН-ТАМЫР/6-7

Кие



СОҒҒЫ БЕТ/12

Байқауда топ жарды

САПАР

Ортақ мақсат жолында

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен «Бір жол, бір белдеу» екінші халықаралық ынтымақтастық форумының ашылу рәсіміне қатысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге қонақжайлық танытып, форумға шақырғаны үшін ризашылық білдірді.

– Қытай халқында «Бай болғың келсе, жол сал» деген тәмсiл бар. Бұл дана сөз бірлесе жаңғыртып жатқан Ұлы Жібек жолының тарихына да тікелей қатысты. Екі мың жыл бұрын адамдардың батылдық пен іскерлігін арқасында Еуразия жолдардың бір желісіне біріккен еді. Мұны адамзат тарихындағы жаһандандудың алғашқы қадамдары деуге болады, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев соңғы отыз жыл ішінде Еуразиядағы Жібек жолын жаңғыртудың көптеген тұжырымдары болғанын және олардың жүзеге аспағанын атап өтті.

Тек 2013 жылы Қытай Қазақстанға ұсынған Жібек жолы моделі қазіргі заманғы геосаяси жағдайларда өміршен ғана емес, табысты жобаға айналды.

Елбасы «Белдеу және жол» бастамасына Қазақстанның әуел бастан қолдау білдіргенін атап өтіп, бірінші форумның қоры-

тындылары бойынша қол жеткізілген жетістіктерге тоқталды.

– Әлем жұртшылығы қарамақайшы геосаяси тұжырымдардан шаршағаны анық. Барған сайын геоэкономика мен бірлесе дамудың маңызы артып келеді. «Бір белдеу, бір жол» – экономикалық ынтымақтастық үшін ашылатын жана мүмкіндіктерден де ауқымды әрі маңызды жоба. Бұл – әлемдегі 120-дан астам мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, кеңінен сауда-саттық жасауға және өсіп-өркендеуге деген тарихи сұранысынан туындаған бастама, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы саяси қарамақайшылыққа, санкциялар мен сауда теке-тіресіне қарамастан, осы бастама аясындағы сауда көлемі артып, бүгінде 5 триллион доллар құрап отырғанын атап өтіп, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаһандандудың жаңа үлгісін ұсынғанын айтты.

– Тарихи кезең әлемдік ықпалдастық орталығын қайтадан Шығысқа қайтаруда. Біз бүгін Азияның шын мәнінде XXI ғасыр өңіріне айналатынын көріп отырмыз. Әлемдік Ішкі



жалпы өнімнің 28 пайызы осында шоғырланған және бұл көрсеткіш арта береді. Қазірдің өзінде шығыстандыру үрдісі ықпалдасудың жана бағыттарын ұсынууда, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті инфрақұрылымды дамы-

ту және көлік-транзит әлеуетін арттыру жұмыстарының нәтижелеріне де арнайы тоқталды.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның белсене араласуымен жүзеге асырылып жатқан логистикалық жобалар туралы әңгімеледі.

– 2016 жылдан бастап

«Нұрлы жол» бағдарламасын Жібек жолының Экономикалық белдеуімен ұштастыру жоспары табысты іске асырылуда. Еуропа мен Қытайды Ресей мен Қазақстан арқылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлық-аралық жоғары деңгейлі автомагистраль байланыстырды.

Біздің еліміз Қытайдың Ляньюньгань портында логистикалық терминал салды. «Қазақстан – Түркіменстан – Иран – Парсы шығанағы» бағытындағы темір-жол іске қосылды. Қытайдан Оңтүстік Кавказға, Түркияға және одан әрі Еуропаға Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары арқылы жөнелтілетін жүктердің көлемі артып келеді, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» арқылы тағдыры ортақ адамзат қоғамдастығын бірлесе құруға шақырып отырғанын атап өтті.

Қытай Халық Республикасына сапары аясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті «Синьхуа» ақпарат агенттігі, «CCTV» теларнасы, «Жэньмин Жибао» газеті, Қытайдың орталық радиосы, «China News Service» ақпарат агенттігі, «Хуанцю шибао» басылымы сияқты Қытайдың ресми БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

Елбасы «Бір белдеу, бір жол» бастамасын одан әрі жүзеге асыру перспективаларына қатысты сұрақтарға жауап беріп, «Нұрлы жер» және «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» бағдарламаларын ұштастыру нәтижелері туралы әңгімеледі.

БӘРЕКЕЛДІ!

Тұрсынбай Азияда алға шықты


Таиланд астанасы Бангкоктен сүйінші хабар жетті. Бокстан Азия чемпионатында 75 келі салмақта ел намысын қорғаған жерлесіміз Тұрсынбай Құлахмет финалда үндістандық Аниш Кумармен бас жүлдені саранка салды. Аса тартысты өткен жеке-жекте Т.Құлахмет айқын басымдықпен жеңіске жетіп, ел қоржынына алғашқы алтын медальді салды.

Жартылай финалда Тұрсынбай Құлахмет түрікменстандық Нұрсахат Пазыевты бар-жоғы 20 секундта ұтып, финалға шыққан болатын. Кеше де өз шеберлігін дәлелдеді.

Жалпы кеше 4 боксшы «алтын» үшін сынға түсті. Алғашқы болып өнер көрсеткен 60 келі салмақтағы Зекір Сафиуллин моңғолиялық Цендбаатар Эрденебаптен қолғап түйістірді. Аса тартысты өткен жеке-жеке қорытындысы бойынша төрешілер бірауыздан моңғолиялық боксшының жеңімпаз таныды. 81 келі салмақта бокстасқан Бек Нұрмағанбет ел қоржынына екінші алтын медаль салды. Отандасымыз аяқты сында Филиппин боксшысы Джон Нобель Марвинмен кездесіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті.

Аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев финалдық сында өзбекстандық Баходир Жалоловпен жүлдырықтасты. Қорытындысында, төрешілер жеңісті өзбек боксшысына тиесілі деп шешім қабылдап, жерлесіміз күміс жүлдегер атанды.

«СБ» ақпарат.



ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Қарапайым заттар экономикасы:

импортқа тәуелділікті азайтады



Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Қарапайым заттар экономикасын» дамытуға тапсырма берген болатын. Осы мақсатта елімізде отандық кәсіпорындарды дамытуға мемлекет қазынасынан 600 млрд тенге қаржы бөлінді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Жолдау жүктеген міндетке орай отандық өнім өндірушілерге қолжетімді несие беру туралы Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданды. Аталған қаулы негізінде елімізде құрылыс индустриясы, жиһаз, тамақ, жеңіл және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған жол карталары әзірленген. Бұл бағытқа бөлінген 600 млрд тенгенің 400 млрд-сы өңдеу өнеркәсібіне бағытталса, 200 млрд қаржы агроөнеркәсіп саласына бағытталған. Бағдарлама шеңберінде несиелер 365 тауарды, оның ішінде 118 азық-түлік өнімі мен халық тұтынатын 247 тауар өндіруге беріледі.

Атап айталық, елімізде бұл бағдарламаны жүзеге асыру арқылы 2025 жылға дейін қарапайым заттар импорттын 37 процентке азайту көзделіп отыр.

«Қарапайым заттар экономикасы» негізінен екі бағыттан тұрады. Бірінші бағыты – кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несиелер бөлуіне арналаса, екінші бағыты өнеркәсіп салаларын дамытуға бағытталған. Жеңілдетілген несие беру мәселесіне келер болсақ, банктер кәсіпкерлерге 7 жылға 15 процентпен несие береді, қайта өңдеу жобалары бойынша оның 7 проценті «Даму» қоры арқылы субсидияланады, ал агроөнеркәсіптік кешендегі өндіру бойынша оның 10 проценті ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы субсидияланады. Сонда кәсіпкерлер несиені 8-5 процентпен өтейді.

Бағдарламаның екінші бағыты – құрылыс индустриясы, жиһаз, тамақ, жеңіл және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған жол карталарын жүзеге асыру.

«Қарапайым заттар экономикасын» дамытуға арналған жол картасының аймақта жүзеге асырылуына келсек, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметі бойынша өңірде белсенді жұмыс жасап тұрған 440 кәсіпорынның тізімі жасакталып, екінші деңгейлі банктерге жолданған. Сонымен қатар Үкімет қаулысындағы экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес келетін 46 жоба тізімі жасакталып, қаржы институттарына ұсынылған.

Жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесінде аталған қаулыға облыста шығатын өнімдерге тиесілі кейбір экономикалық қызмет жеткізушітері енгізілмегені анықталды. Бұл мәселе жөнінде облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев мәлімдеген еді. Анығын айтқанда, қаулыдағы экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес келмеуіне байланысты «Арал-тұз» компаниясының жаңа жобасы жеңілдетілген несиеден тыс қалған. Сонымен қатар, алдағы уақытта өңірде шыны өңдеу өнеркәсібі дамытынын ескеру қажет. Сала басшысы бұл ретте ауыл шаруашылығы, химия, құрылыс, тамақ және өңдеу өнеркәсібі салаларына қатысты барлығы 28 жобаның экономикалық қызмет түрлері бойынша қаулыға өзгерістер енгізу үшін ұсыныстар жолданғанын айтқан болатын.

Бағдарламаны жүзеге асыруда кәсіпкерлер палатасы жанынан құрамына кәсіпкерлер палатасы, облыстық ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және туризм, индустриялық-инновациялық даму басқармалары, «Даму» қоры және екінші деңгейлі банк филиалдарының басшылары енген жобалық кеңсе құрылды. Бүгінгі күнге дейін өңірлік жобалық кеңсеге 8,3 млрд тенгені құрайтын 90 жоба келіп түссе, оның 2-і мақұлданды. Мұнан бөлек 5 жоба банктің қарауында болса, 21 жобаның құжаттары жинақталып, 58 жоба бойынша келісімдер жүргізілуде.

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев бағдарламаны жүзеге асыру бойынша өткен мәжілісте «Бұл – халықтың қолын аузына жеткізетін бағдарлама» деген болатын. Кәсіпкерлікті дамытуға жаңаша серпін берген бағдарлама отандық өнімнің нарықтағы үлесін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

«Сыр бойы».

Жаңа жұмыс, құтты қоныс

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар өңірлерінен келген арнайы делегация А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесін өткізді.



Шара барысында ұйымдастырушылар еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың сай келуіне, жастарды жұмысқа орналастыру мәселесіне мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті. 3741 бос жұмыс орны бойынша ұсыныс жасады. Әсіресе, мал дәрігері, құрылысшы, механизатор, тракторист, агроном, ағылшын тілін білетін мұғалімі секілді мамандарға зәрулік бар. Бағдарлама аясында қатысушыларға мемлекет тарапынан ұсынылатын жеңілдіктер, сондай-ақ, тұрғын үй жалдауға немесе жалға алуға, коммуналдық қызмет шығынын өтеуге субсидия берілетіндігін жеткізді. Жәрмеңкеде облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ де мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жобалар туралы нақты ақпарат бере отырып, жастарды «Жас құрылысшылар», «Жасыл ел» жастар еңбек жасатарының қатарына қосылуға шақырды. Шараның мақсаты екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарға қажетті көмек беру еді. Ол көздеген мақсатына жетті.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.



БАСПАСӨЗ - 2019

6 айға жекелер үшін /3000 тг. Мекемелер үшін /4000 тг.

Жастар жобасы

Корқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Сабастастық. Әділеттілік. Даму» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Бұл шараға университет студенттерінен бөлек, Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің білім алушылары катысты. Жастар шығармашылығы ынталандыру және бәсекеге қабілетті болуға тәрбиелеу мақсатында өткен конференция екі бөлімнен тұрды.



Биыл – Жастар жылы. Атаулы жылдан күтер үміт көп. Қай кезде де ел болашағы – жастар – назардан тыс қалған емес. Кейінгі толқында дұрыс бағыт-бағдар беру, жақсы тәлім-тәрбие беру аға буынның міндеті деп санайтын ұстаз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, халықаралық педагогикалық білім беру академиясының академигі, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері Жақсыбек Егізбайұлымен сұхбатымыз осы тақырыпқа арналды.



Жақсыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері:

Кейінгі толқыннан көп үміт күтемін

– Биыл Жастар жылы деп жарияланғаны бәрімізге белгілі. Бұл жылыда жастарға мейлінше, қамқорлық, қолдау шаралары жасалатыны айтылды. Сіздіңше, жастар ең әуелі қандай қамқорлыққа мұқтаж.

– Материалдық, әлде рухани?..

– Тұңғыш Президент – Елбасы Жастар жылының ашылуындағы шарада қай елде болмасын, жастар жұмыссыздығын көкөйтесті мәселе екенін атап айтты. Жасыратыны жоқ, көп дипломды қалтаға салып, жұмыссыздар қатарын көбейтіп жүргендер де бар. Шыны айтқанда, дипломмен емес, бастағы біліммен жұмыс іздеу керек. Күн сайын өзгеріске ұшырап жатқан қоғам, көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан технология ілініп-салынып жүріп диплом алатын жайбаракаттық пен немқұрайлықты көтермейді.

Уақыт көшіне ілесу үшін тек оқу-білім, ізденіс қажет. Өрне, жастардың материалдық қажеттілігін өтеу үшін жұмыспен қамтамасыз ету қажет, ал нарық сұранысы – білікті, білімді, тәрбиелі маман. Сол себепті жастар терең білімді, озық ойлы болуға, ғылымды меңгеруге ұмтылу керек. Бұл үшін көп оқып, көп

іздену керек. Ғылым-білім, тәрбие де – кітапта. Ұлы философ Гидроның «Кітап оқымаса ой тоқырайды» деген сөзі бар. Кітап адамның білімін толықтырып гана қоймайды, рухани өсіреді, тәрбиелейді. Түрлі шығармадағы түрлі кейіпкердің іс-әрекетіне үңіле отырып, оқушы өзінің мінезін түзейді, дүниетанымы кеңейеді.

– Технократтық заманда кейінгі толқынның кітаптан алыстап қалғаны жасырын емес. Газет-журнал, кітапты гаджет алмастырды...

– Озық технологияның пайдасымен қатар зияны да бар. Қазір кез келген ақпаратты қолдағы ұялы телефон арқылы іздеп тауып, оқи салу оңай болғанмен, ол білім болмайды. Өрне, ғаламаттарды пайдалана да білу керек. Алайда, бұл әлеуметтік желілерге жіпсіз байлану деген сөз емес. Ең қиыны да сол, асыптасын ақпараттың ішінен керекті іріктің алмайтынмыз, ненің дұрыс, ненін бұрыс екенін екіше алмайтынмыз. Бұл да білімнің азығаны. Кейбір жастар осындай пайдасыз ақпараттың соңында жүр. Білімді, ізденімпаз, рухани толысқан жастар ғаламаттарды басқарады, ал білімі таяз болса,

өзіндік пікірі қалыптаспағандарды әлеуметтік желілер басқарады. Ғаламаттарға соншалықты тәуелділіктен-ақ олардың денгейі өлшемін аңғаруға болады. Сол себепті де аға буынның «жастар кітап оқымайды» деп дабыл қағуы бекер емес. Білім мен тәрбие, бар асыл қазына кітапта екенін әрдайым айтып жүрмін. Өрне, жана технологияны меңгеріп, оны жұрт қажетіне жаратып жатқан жастар аз емес. Жана заманға бейімденген кейінгі буынның осы өкілдерінен көп үміт күтемін. Олардың осы жетістікке тынымсыз оқу мен ізденіс арқылы жеткендігі қатарластарына үлгі болса екен деймін.

– Сексен жасқа таясаңыз да еңбекке араласып жүрсіз, шираттыңыз бен белсенділіңіз көпке үлгі. Бұл орайда жастарға айтар кеңесіңіз.

көп үміт күтемін. Табиғатты тамашалау, айналадағы сұлулықты сезіну, сылдырап аққан бұлақтың, жасыл құрақ жанынды сұлуландыра түседі. Бұл уақытта ән тындау, әрдайым күліп жүру – денсаулықты сақтаудың бір жолы. Тағы да айтар кенесім: денені шынықтыру қажет, зиянды әдеттерден аулақ болған жөн.

Жақында мен республикалық ғылыми конференцияда «Ұлттық ойындар арқылы жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасадым. Ұлттық ойын арқылы ұлттық намыс оянып, жігерлендіретінін ұлттық рух қалыптасатынына көз жеткіздім.

– Қазақ қоғамында ажырасу белең алған Елбасының өзі атап айтқан еді. Отбасылық өмірге, өмірдің ыстық-суығына мектеп жасынан дайындау мәселесі де атап айтылды.

– Меніңше, бұл тәрбие балабақшадан басталу керек. Отбасындағы әкенің, ананың орнын бала күнінен ұғынып өсуі тиіс. Қазіргі кезде жас отбасылардың шаңырақ көтергеннен кейін көп ұзамай ажырасып жатуын түрлі себептерге теліміз. Отбасының бұзылуына қаржылық мұқтаждық, ата-әнемен тіл табыса алмай, жұмыссыздық негізгі себеп емес. Мұның себеп-салдары тереңде жатыр. Бұл екі жақты отбасын құруға моральдық-психологиялық тұрғыдан дайын болмауынан. Бұл мәселеге қоғам болып назар аударған жөн.

– Сұхбатыңызға рахмет. Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА. «Сыр бойы».

Қорқыт мұрасы мәңгілік



ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлт мәдениетін жаңғырту бағытында көптеген тын идеялар ұсынды. Мәселен, «Дала фольклорлары мен музыкасының мың жылы» деген тарауында Мемлекет басшысы: «Бұл жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері-ертегілері, аңыз-әфсаналары, киссалары мен эпостары жинақталады» – деп атап өтті.

Осы орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Дала фольклорлары мен музыкасының мың жылы» атты жобасы аясында облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы мен Қазанғап атындағы музыкалық колледжінің ұйымдастыруымен дәстүрлі жаңғырту, жасөспірімдер арасында қыл-қобызды, Қорқыт мұрасын насихаттау мақсатында қаладағы №101 мектеп-лицейде «Қорқыт қобыздың көне әуендері» атты облыстық лекция-концерт өтті.

Қорқыт бабамыз халық даланыңғын бас болып паш етуші және

сақтаушы. Сондай-ақ, Қорқыт атамыз оғыз-қыпшақ ортасындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде жол көрсетуші басты тұлға болған. Абызды ел ішіндегі жөн-жоралғыны, салт-дәстүрді реттеуші батағөй дана деп те танымыз. Оғыз дәуірінің ұлы тұлғасы болған жыраудың ерен есімі әлемге мәшһүр «Қорқыт ата кітабына» арқау болған.

Міне, осындай ұлықтауға әбден тұрарлық, 1300 жылдан астам тарихы бар Қорқыт бабамыздың құнды туындыларын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған лекция-концертке келушілер қатары көп болды.

Жиында сөз алған облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әлима Әбдіхалықова шараның маңызына тоқталып өтті.

– Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында өткізіліп отырған бұл шараның жастарға берері мол. Өскелең ұрпақ өз туған жерінің тарихын біліп, туған жердің ұлы тұлғаларын мақтан тұтып, олар қалдырған мол мәдени мұраларды насихаттап өссе мәдениетіміз бен әдебиетіміз мәңгі жасай бермек. Өт-

кенді кастерлеу арқылы, болашағымызды баанды ете аламыз. Сыр өңірінде дүниеге келген, бүкіл түркі халықтарына ортақ ұлы есімдердің бірі – Қорқыт абыз. Дүние тылсымын қобыз сарынынан іздеген баба мұраларын насихаттау ұлт мәдениетін жаңғырту жолында жасалып жатқан игі бастамалардың бірі, – деді.

Лекция-концертте халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Тоқтар Ағыбаев, Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінің оқытушысы, республикалық байқаулар жеңімпазы Айнуза Бегімсалова, республикалық «Қорқыт-Қобыз» байқауының II орын иегері Айдана Рүстембек сынды Қорқыт мұраларын шет елдерде насихаттап жүрген қылқобызшылар өнер көрсетті.

Тыңдаушысын әуендік әсемділігімен, шынайылығымен баурап алатын Қорқыт бабамыздың «Қоныр», «Ұшардың ұлуы», «Башпай», «Әуәлпай» күйлері де көрерменге ой салды.

Света ҮСЕНҚҰЛОВА, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының маманы.

Өзіңді жетілдіру – өмірлік қажеттілік

«Дүйсенбіден бастап жаңа өмір бастаймын». Осы айтылған дүние сол күйі қалатын кез көп. Себебі, басым көпшілігіміз ойға алған істі ертеңге, келесі аптаға, алдағы айға, тіпті келер жылға қалдырудан жалықпаймыз.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Ал, кезекті кейіпкеріміз Ирина Ан жалқаулыққа жол бермей, күресуге шақырады. Оны женуде арнайы жапон қағидасын ұстанатынын да айтады. «Кайдзен» қағидасы Иринаға әртүрлі сылтау тауып, орындағысы келмеген ісін жүзеге асыруға көмектескен екен. Тіпті, шабыт сыйлап, аэройога секілді жана хоббиімен айналысуына сеп болған.

– «Кайдзёнді» «1 минут қағидасы» деп те атайды. Бұл қағиданы ұстау арқылы сіз өзіңізге деген сенімсіздікті жойып, алға ұмтыласыз. Со-сын бара-бара 1 минуттік жаттығуыңыз 5 минутқа ұласады. Сөйте жүріп, жарты сағатқа да жетесіз. Бұл

қағида Жапонияда пайда болған. «Кай» – өзгеріс, «дзен» білімділік деген мағынаны білдіреді. Қағида авторы Масааки Имаи оның жеке өмірде де, кәсіпте де көмектесетінін айтады. Бұл рас. Өйткені, мен де жана дүниелерге көп назар аудара бастадым. Ойда-жоқта аэройога қызығушылық танытып, өзімді жетілдіруге күш салдым. Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында өткен арнайы шеберлік сабақтарына катыстым. Тын тәжірибе жинақтап, өңірде алғашқылардың бірі болып, аэройога үйірмесін аштым, – дейді Ирина.

Кейіпкеріміз үйірме ашылған уақытта оған қы-

зығушылардың саны аз болғанын айтады. Тек уақыт өте ғана сұраныс көбейген. Себебі, аэройоғаның денсаулыққа әсері мол. Буын ауруына, омыртқаға түз жиналу, артрит және артроз сырқаттарына шалдыққандарға пайдалы. Аптасына үш мәрте жүргізілетін жаттығуларда ойынды жиі-жиі жинақтап, ағзаны қалыпқа келтіруге мүмкіндік аласыз. Бағасы да қолжетімді.

«Өзіңді үнемі жетілдіріп отыру – өмірлік қажеттілік» деп білетін Ирина тобында әртүрлі жас өкілдері жаттығатынына тоқталды. Бұл ретте аэройоғаның жүйесін түсіне бермейтіндер барын да жеткізді. Айтқынша, бүгінде көп адамдар үй жағдайында ғаламтор арқылы аэройогамен айналысып, жаракат алып жатады. Ал, мұндай оқыс оқиғаға жол бермес үшін бастапқыда йога жаттықтырушысымен жұмыс жасаған жөн.





Өнегелі өмір

Осы мақаланы жазуда қатты толқыдым. Сосын «Сыр өңірінің ардақты азаматтарының бірі, бар өмірін елдің тыныштығын қорғау жолына арнаған тұлғалы ағамыз жайлы қалам тербеу қиын болғанымен, ғұмыр бойы ағайынның татулығын сақтап, соңғы демі таусыларда бірлікті аманаттан кеткен абзал ағаға сөз арнамақсақ, қалам ұстап не керек, – деген ой келді. Ағаның жастық кезеңі Талсуат елді мекенінде өтті. Дүниеден өткеніне 15 жыл толып отыр.

Абдрасилов Серікбай Ибадуллаұлы 1929 жылы 15 ақпанда Сырдария ауданы алтыншы ауылында (қазіргі Қоғалыкөл) дүниеге келген. Әкесі Ибадулла Абдрасилов сауатты, ел басқарған ер тұлғалы азамат болған екен. Сауда-саттықпен айналысып, барлық туған-туыстарының басқарушысы, қамқоршысы болған.

Анасы – Камила Алдәбергөзқызы, бұл кісінің әкесі діни ілімі жоғары ұлағатты адам болған. Ибадулла ағамыз репрессия жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, 1933 жылы қаза табады. Анамыз үш баламен жесір қалады. Өзінің адал ақы, маңдай терімен, қайсарлығымен, бойындағы ата-бабаларынан берілген қасиеттерінің арқасында қиындықтарға қарамастан, үш баласын жалғыз өзі жақсы тәрбие, білім беріп, үлкен өмірге жақсы азамат етіп жеткізді.

Серікбай ағамыз 1948 жылы Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, ауылға оралған, еңбек жолын мектепте мұғалімдіктен бастаған. «Өзі тамаша адамның жары да тамаша болуы тиіс» демекші, 1949 жылы жеміс-жидекші Бибісара Қамысбаевамен отау құрады. Сол жолы әскери борышын Смоленск облысы, Красный Бор қаласында өтеуді бастап теміржол әскери бөлімшесінде Ұлы Отан соғысы кезінде жойылған, маңызы бар теміржол магистралін қайта қалпына келтіруге төрт жыл бойы жұмыс жасап, әскери борышын өтеп, еліне оралады. Сол кезеңдерде қылмыспен күресу шараларының күшейтілуіне байланысты комсомолдық жолдамалармен ішкі істер органдарына қабылданып, Баку қаласындағы жоғары милиция мектебіне жіберілді. Оқуды үздік аяқтаған соң елге оралып, 1987 жылға дейін облыстық ішкі істер органдарының барлық салаларында (қылмыстық іздеу, БХСС, МАИ, автошаруашылық бағыттарында) қызмет жасаған.

Серікбай ағамыз ішкі істер органдарында қызмет еткен жылдары «Милиция үздігі» атағымен марапатталса, мінсіз атқарған қызметі үшін медальдары және КСРО ішкі істер министрлігінің басқа да мемлекеттік наградасын, Құрмет грамоталарын иеленді.

Ағамыз білімге деген құштарлығының арқасында бірнеше оқу орнында үздік білім алған. Қызметте, күнделікті өмірде де ағайын-туыстың арасында өзінің әділдігімен, білімділігімен, сауаттылығымен жақсы қасиеттерімен, үлкен абырой бөленіп, сыйлы азамат болған үлгі бұл өмірден өтті. Ағамыздың ең үлкен қасиеттерінің бірі – жарына деген адалдық, ұрпақтарына өнеге көрсете білген үлгілі әке, құдаларын құдайындай сыйлағандығы, кішіпейілділігі, қонақжайлылығы. Өнегелі ғұмыр кешкен азаматтан үйренетін нәрселер аз емес. Ең алдымен, еңбексүйгіштігі бәрімізге үлгі. Ағайынға қарайласу, шалдыққанға қамқорлық жасау, қиналғанға көл ұшып беру, елдің мұны мұндап, жоғын жоқтау. Осы асыл қасиеттердің бәрі Серікбай ағамызға тән болатын. Ол адамгершілігі мол, пейілі қазак даласындай кең, үлкен жүректі, асқақ таудай парасаты еді.

Ағамыздың асыл бейнесі ол кісінің білген азаматтардың есінде мәңгіге сақталып қалмақ. Ағамыз бен жеңгеміздің отбасында саналы ұрпақ дүниесі есігін ашқан. Солардың екеуі ұл, төртеуі қыз бала. Алты баладан екі ғылым докторы, екі құқық магистрі шыққан. Серікбай ағамыз бен Бибісара жеңгеміздің өскелең ұрпаққа үлгі боларлық әулетін халық әрдайым мақтанып айтып отырады.

Алтынбек ЕРНАЗАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Ұлы Жеңіске – 74 жыл

Қарт майдангер тілегі

Санаулы уақыттан соң Жеңіс күні де келеді. Биыл елімізде айтулы мерекенің 74 жылдығы тойланады. Бір өкініштісі, бізге жеңісті жақындатқан майдангерлер қатары жыл өткен сайын сиреп барады. Мерекелеріміздің соғыс ардагері Әбдірауық Сатыбалдиевпен жүздескен болатынбыз. Ата жақсы көңіл күймен қарсы алды. Бұрынғыдай емес, құлағы ауыр еститін болыпты, бірақ, жүзін өмір сүруге деген құлшынысын аңғарасын. Мұны әңгімелесу барысында атаның келіні де ерекше әсермен айтып берді.

Мейрамқұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Үлкендер қартайған сайын бала секілді болады деген рас екен. Атаның кейбір қылықтары адамның езуіне еріксіз күлкі үйіреді. Мен бұрынғы қасында отырамын. Жаңа үйге көшіп келгені есік алдында жүргенді жақсы көреді. Арасында қарсылығымызға қарамастан күрек ұстап, үйдің алдын қос-сытқысы кеп тұрады. Оған әлі келмейді. Үлкен балам он сегіз жаста. Бұрын бата қайтарғанда “сол баламның тойын көрсем” дейтін. Қазір батаға бірінші сыныпта оқитын ұлым қосылды. Атаның мұнысынан өмірге деген құштарлығының артып жатқандығын байқаймын, – деп күлді келіні Бақытгүл Сатыбалдиева.

Әбдірауық ата қазір Ақсуат ауылындағы жалғыз соғыс ардагері. Бұрын қаланың көпқабатты үйлерінде тұрған ол ауылға бір жылдай бұрын көшіп келген. Мұнда келгелі ауыл әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаев та атаның жанынан үнемі табыла-тын көрінеді. Ауылдағы іс-шара, жиындар бүгінде майдангерсіз өтпейді. Әңгіме арасында қазақ халқына қасірет әкелген екінші дүниежүзілік соғыс жайын сұрадық.

– Мектепте оқып жүрген кезім. Бұл ұрпақтан құрбы-қосындырақты шарпып жатты. Біздің отбасымызға да оңай соқпады. Себебі, қан майданға алдымен Мәлік ағам аттанды.

Онан кейін мен кеттім. Соғыс басталғанда небәрі 17 жаста болғанмын. Бірақ барлық жанға қасірет әкелген соғысқа өзім сұрандым. Өйткені, менің санамда елімді, жерімді жаудан аман алып қалу ғана тұрды. Отбасымыз жасы келген әкем мен ағам табыстап осылайша кете бардым, – деп Әбдірауық ата әңгімесін әріден бастады. Әбдірауық Сатыбалдиев 1925 жылы Қармақшы ауданының Бозарқаш ауылында дүниеге келді. Мектеп есігін Бидайкөл ауылында ашып, ағасының қолында оқиды. 1938 жылы 6-8 сыныптарды Бозарқаш ұжымшарында оқып, 9-сыныпты 20 шақырым жердегі Бестам мектебінен бітіреді. Сол уақыт 17-ден 18 жасқа қараған шағы болатын. Нағыз асыр салып жүретін бозбалалық кезең еді. Бірақ, елдегі жай ойын-сауыққа мойын бұрғызбады. Себебі, соғыс деген ұлы сұрапыл елге жетіп, жау жағадан ала бастаған болатын. 1942 жылдың аяғында 4 рет әскер қатарына шақырылып, 9 сыныптық білімі бар ұыздай жас 1943 жылы қаңтар айында Совет армиясының қатарына қабылданады.

Әскер қатарына алынған Ә.Сатыбалдиев алдымен Саратов қаласына келіп, ол жерде командирлер даярлайтын жеделдетілген 3 айлық құрста оқиды. Онда қару-жарақтар жайлы, оның ішінде зеңбірек



Суретті түсірген Вүрбай ҚАЖАУБАЙ.

атууды, команда беруді үйреніп шығады. Құрсты тамамдаған оған сержант шені беріледі. Өзін жүріп өткен жолын, жан беріп, жан алысқан, нағыз майданға араласқан тұсын соғыс ардагері білмей еске алды.

– Волга өзеніне Саратов қаласына келгенде қар қалың болды. Алдымызда 12 қатар эшелон тұр. Бұл Қыыр Шығыстан соғысқа бара жатқан солдаттар екен. Ең алдымен жолды ашу үшін сол жердің қарын күреді. Бізді осы жерде іріктей бастады. Мен 3 айлық курсқа кетіп, оны бітірісімен қайтадан Ленинград қаласына келдім. Онда 76-артилерияның бір бөлімшесіне командир болып, Ленинградты қорғадым. Бұл менің қан майданға алғаш араласуым еді. Бірақ сол жерде жараланып, бастан соққы алдым. Бір жұмыс айдай емделіп, 1944 жылы ұрыс даласына қайта келдім. Ол жерде 358-дивизия құрамында болып, үлкен шабуылдарға қатыстым.

Ауыр күндерді күрсіне айтқан қария бұл шабуылда

Острожск, Воронеж, одан әрі Балтық бойы, Латвия, Эстония, Литва, Молдавия жерін жаудан босатуға атсалысады. Бұл кезде атты әскер кавалериясының құрамында болған ол осы жерде аға сержант шенін иеленеді. Мұнан соң 1945 жылы Воронеж облысы Острожск қаласына келеді. Мұнда судан атпен өту, қару-жарақты пайдалану тәсілдерін меңгереді. Жеңіс туының желбірегенін Ригада жүргенде естіпті.

– Соғыс аяқталғанымен, мен елге бірден қайтпадым. Өйткені, шілде айында 25 мыңдай солдатты қару-жарақ, аттарымызбен бірге қызыл вагонға мінгізіп, жан-жағымызға қаратпастан суыт алып кетті. Қайда бара жатырмыз, не істейміз, ешкім ешнәрсе айтпады. Араға бірер ай салған соң эшелон Жосалы теміржол станциясына келіп тоқтады. Туған жер көзге отпай басылды. Амал жоқ, аялдауға болмайды. Мұнда азық-түлік, аттарымызға жем-шөп алып қайта кете бардық. Бірнеше күн жүріп, Алма-

ты, одан Семей, Новосібірден тесік таулар-тунельдер арқылы Монғолияның Қызылқұмына өттік. Монғолияда Хайлар деген қала бар, соны босату біздің міндетіміз екен. Сол жердегі генералдар, маршалдар азаматтық қиммен жүрді. Тамыз айында Қыр Шығыс армиясы ар жағынан, бер жағынан біздің дивизия Жапон самурайларын қоршауға алып, 9-10 күнде оларды қолға түсіріп соғысты аяқтадық, – дейді майдангер.

Соғыстан кейінгі уақыт тұралап қалған ел үшін ең ауыр жылдардың бірі болды. Жоқтан бар жасап күн кешкен халықтың тұрмысы да нашар болғаны белгілі. Ауылға келісімен ел әлеуетін көтеруге атсалысты. Жұмысқа да жауапты еді. Мәскеу мен Алматыдан келген қаулыларды тіркеп, оның жүзеге асуын бақылайтын. Сөйтіп жүріп кешкі жастар мектебіне түсіп, аттестат алады. Мектепті бітірісімен 4 айлық курста оқыды. Мәскеу университетінің статистика факультетіне сырттай түсіп, экономист мамандығын алады. 37 жыл аудандық статистика басқармасын басқарды.

Соғыс кезіндегі де, бейбіт өмірдегі де еңбегі елеусіз қалмады. Майданда көрсеткен ерлігі үшін Отан соғысының I, II дәрежелі орденімен, сонымен бірге 22 медальмен марапатталды. Мұнан өзге екі мәрте «ССРО статистика үздігі» белгісін, көптеген диплом және төсбелгілерді иеленді. Өткен жылы соғыс ардагеріне «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

40 жыл бойы коммунистік партияның мүшесі болып, барлық ғұмырын елінің, туғанын өркендеуі мен дамуына арнаған зейнеткер бүгінде тоқсан төрт жаста. Үш баладан он шақты немере мен шөбере сүйіп отыр.

ТАҒЫМ

Әкемді мақтаныш етемін

Бұрындары Қожакеңт ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бір шоғыры тұрды. Олар Мұғалім Нұрманов, Әміт Қашқынов, Қошербай Серікбаев, Ағайынды Мұхамеджан, Әзілжан Әлжановтар, Зәкір Бейбітов, Молдахан Әшімов, Есқожа Ысқақов және менің әкем Оразбек Қашқыновтар еді.

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында олармен мектепте, ауыл клубында кездесулер өткізіліп жататын. Олардың майдан даласында жасаған ерліктері бүгінде аңызға айналды кетті. Қазір барлығы да о дүниелік болған. Бірақ майдангерлердің есімдері ауылдастарының жүре-гінде мәңгі қалды. Ауыл тұрғындары бас қосқанда оларды сағынышпен еске алып, соғыстағы ерліктерін айтып отыра-ды. Осылардың ішінде әкем Оразбек Қашқыновтың есімі ағарту саласында жұмыс істе-гендерге жақсы таныс. Ол – бар-лық саналы ғұмырымыз бала тәр-биесіне арнаған ұлағатты ұстаз. Алғаш еңбек жолын 1937 жылы қатардағы мұғалім болудан баста-ған. 1941 жылы елімізге неміс фашистері соғыс ашқан кезде алдымен ағасы Әміт, одан кейін артынан қырықкүйек айында өзі аттанады.

Әкем Польша, Эстония жерлерін азат етуге қатысады. Соғыста политрук, рота коман-дирі болған. Отан қорғаудағы жанқиярлық ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі және екі рет «Қызыл

Жұлдыз» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. 1944 жылы соғыста аяғына оқ тиіп, аға лейтенант шенімен бір аяғын майдан даласына қалдырып, елге мұғдек болып оралады. Соғыстан кейін мұ-ғалімдік жұмысын қайта жалғастырады. Сол кездегі «Мәдениет», «Жаңа жол» колхоздарында, кейін Қожакеңт ауылындағы мектептерде са-бақ берді. Ұлағатты ұстаз мектеп директоры қызметіне дейін көтерілді. Ол 45 жылдан астам білім саласында еңбек етіп, мұғалімдер арасында үлкен беделге ие болды. Қожа-кеңт ауылындағы мектепте Оразбек Қашқыновтың есімі ағарту саласында жұмыс істе-гендерге жақсы таныс. Ол – бар-лық саналы ғұмырымыз бала тәр-биесіне арнаған ұлағатты ұстаз.

Алғаш еңбек жолын 1937 жылы қатардағы мұғалім болудан баста-ған. 1941 жылы елімізге неміс фашистері соғыс ашқан кезде алдымен ағасы Әміт, одан кейін артынан қырықкүйек айында өзі аттанады.

Әкем Польша, Эстония жерлерін азат етуге қатысады.

Соғыста политрук, рота коман-дирі болған. Отан қорғаудағы жанқиярлық ерліктері үшін Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі және екі рет «Қызыл



командирі болып, майор шеніне дейін көтерілген. Соғыстағы жанқиярлық ерліктері үшін дивизия команданышы Совет Одағының Батыры атағына ұсынып, қуанышты хабарды анысына жеткізеді. Өкінішке орай, 90 жасқа келген анасы бұл хатты сактай алмаған. Алайда бір шабуылда оның 2 солдатты тұтқына түсіп, немістер оларды Совет Одағына қарсы үгіт жүр-гізуге пайдаланған екен. Мұны естіген қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері рота командирін айыптап, шенін төмендетіп, ал-ғы шепке соғысқа жіберген. Эстонияның Шауляй қаласында оң аяғына оқ тиіп, кестіріп

жалғыз аяқпен елге оралады. Сөйтіп ол атақ Орекеңе бұй-ырамты, – дейтін.

– Мен Оразбек ағайды ардагер ұстаз ретінде мақтанып тұратынымын, – дейді мектеп директоры болған зейнеткер Үміт Хасенова апай. – Ағайдың мектептегі атқарған қызметімен қатар, оның ауыл азаматтары тәрбиелеудегі еңбегі көп. Ол кісі соғыс салған жарымжандығына қарамастан, ел үшін қиын уақыт-ты кызыған еңбек етті. Ағайдың соғыс кезінде айтқан әңгімелерін көп тыңдайтынбыз.

«Қазақта «Қырық жыл қыр-ғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Сол сөзге мен соғыста жүргенде көз жет-кіздім», – деп бастайтын ағай әңгімесін. Соғыстың нағыз қызған шағы болса керек. Польшаны жаудан азат етіп жатқан әскерді жау ұшақтары бомбаның астына алады. Аға бір үлкен шұңқырды көріп, солай қарай жүгіртіпті. Бірақ шұңқырға түспекші болған оны ішінде отырған солдаттар айқайлап, кіргізбей қуып жіберіпті. Амалы таусылған ағай басын сауғалап жата қалыпты. Бір кезде гүре еткен дауыс естіледі. Үстің топырақтан тазалап, кіргізбеген шұңқырға қараса бірде-бір адам жоқ. Бәрі быт-шыты шығыпты. «Небір ажал оғынан аман қалдым. Көреді жарығым бар екен. Туған жеріміңн туз-дәмі бұйырыпты. Құдайға шүкір, балалы-шағалы болдым. Міне,

өздеріңмен қызметтес болып отырмай» дейтін.

1997 жылы облысымызда «Боздақтар» деген кітап шықты. Осы кітапта қаза тапқан-дардың арасында менің әкем Оразбек Қашқынов та бар. Кітапта оны 1941 жылы та-мызда майданға аттанып 391, АП, 1024 құрамында болып тәрбиелеудегі еңбегі көп. Ол кісі соғыс салған жарымжандығына қарамастан, ел үшін қиын уақыт-ты кызыған еңбек етті. Ағайдың соғыс кезінде айтқан әңгімелерін көп тыңдайтынбыз.

«Қазақта «Қырық жыл қыр-ғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Сол сөзге мен соғыста жүргенде көз жет-кіздім», – деп бастайтын ағай әңгімесін. Соғыстың нағыз қызған шағы болса керек. Польшаны жаудан азат етіп жатқан әскерді жау ұшақтары бомбаның астына алады. Аға бір үлкен шұңқырды көріп, солай қарай жүгіртіпті. Бірақ шұңқырға түспекші болған оны ішінде отырған солдаттар айқайлап, кіргізбей қуып жіберіпті. Амалы таусылған ағай басын сауғалап жата қалыпты. Бір кезде гүре еткен дауыс естіледі. Үстің топырақтан тазалап, кіргізбеген шұңқырға қараса бірде-бір адам жоқ. Бәрі быт-шыты шығыпты. «Небір ажал оғынан аман қалдым. Көреді жарығым бар екен. Туған жеріміңн туз-дәмі бұйырыпты. Құдайға шүкір, балалы-шағалы болдым. Міне,

өздеріңмен қызметтес болып отырмай» дейтін.

1997 жылы облысымызда «Боздақтар» деген кітап шықты. Осы кітапта қаза тапқан-дардың арасында менің әкем Оразбек Қашқынов та бар. Кітапта оны 1941 жылы та-мызда майданға аттанып 391, АП, 1024 құрамында болып тәрбиелеудегі еңбегі көп. Ол кісі соғыс салған жарымжандығына қарамастан, ел үшін қиын уақыт-ты кызыған еңбек етті. Ағайдың соғыс кезінде айтқан әңгімелерін көп тыңдайтынбыз.

«Қазақта «Қырық жыл қыр-ғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Сол сөзге мен соғыста жүргенде көз жет-кіздім», – деп бастайтын ағай әңгімесін. Соғыстың нағыз қызған шағы болса керек. Польшаны жаудан азат етіп жатқан әскерді жау ұшақтары бомбаның астына алады. Аға бір үлкен шұңқырды көріп, солай қарай жүгіртіпті. Бірақ шұңқырға түспекші болған оны ішінде отырған солдаттар айқайлап, кіргізбей қуып жіберіпті. Амалы таусылған ағай басын сауғалап жата қалыпты. Бір кезде гүре еткен дауыс естіледі. Үстің топырақтан тазалап, кіргізбеген шұңқырға қараса бірде-бір адам жоқ. Бәрі быт-шыты шығыпты. «Небір ажал оғынан аман қалдым. Көреді жарығым бар екен. Туған жеріміңн туз-дәмі бұйырыпты. Құдайға шүкір, балалы-шағалы болдым. Міне,

өздеріңмен қызметтес болып отырмай» дейтін.

1997 жылы облысымызда «Боздақтар» деген кітап шықты. Осы кітапта қаза тапқан-дардың арасында менің әкем Оразбек Қашқынов та бар. Кітапта оны 1941 жылы та-мызда майданға аттанып 391, АП, 1024 құрамында болып тәрбиелеудегі еңбегі көп. Ол кісі соғыс салған жарымжандығына қарамастан, ел үшін қиын уақыт-ты кызыған еңбек етті. Ағайдың соғыс кезінде айтқан әңгімелерін көп тыңдайтынбыз.

«Қазақта «Қырық жыл қыр-ғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Сол сөзге мен соғыста жүргенде көз жет-кіздім», – деп бастайтын ағай әңгімесін. Соғыстың нағыз қызған шағы болса керек. Польшаны жаудан азат етіп жатқан әскерді жау ұшақтары бомбаның астына алады. Аға бір үлкен шұңқырды көріп, солай қарай жүгіртіпті. Бірақ шұңқырға түспекші болған оны ішінде отырған солдаттар айқайлап, кіргізбей қуып жіберіпті. Амалы таусылған ағай басын сауғалап жата қалыпты. Бір кезде гүре еткен дауыс естіледі. Үстің топырақтан тазалап, кіргізбеген шұңқырға қараса бірде-бір адам жоқ. Бәрі быт-шыты шығыпты. «Небір ажал оғынан аман қалдым. Көреді жарығым бар екен. Туған жеріміңн туз-дәмі бұйырыпты. Құдайға шүкір, балалы-шағалы болдым. Міне,

Ұлтуар ҚАШҚЫНОВА,
Жаңақорған кенті.



Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің) физика-математика факультетінде 1951-1993 жылдары оқытушылық қызмет атқарған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сахабиден Елубайұлы Елубаевтың туғанына 95 жыл толды. Осы жылдары Сахабиден Елубайұлының жүздеген шәкірт білім мен тәрбиесіне бағынды.

Ұстазымыз Сахабиден Елубайұлының өзі жазған өмірбаянына қарасақ, ол қазіргі Павло-

Ұлағатты ұстаз

дар облысы, Ақтоғай ауданының Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Қожамажар ауылында 1924 жылы 10 сәуір күні туыпты. Жер өлшеуші болып жұмыс істеген әкесі тағдыр айдап отбасымен бірге 1929-1935 жылдары Қазақстанға көршілес Новосібірск облысының Ку-пинский ауданындағы Медяково селосында тұрады. Сол жерде ол 1933 жылы 9 жасында алғаш рет орыс мектебіне оқуға барып-ты. Отбасы 1935 жылы Ертістің сол жағалауындағы Қашыр ауданының «Октябрь» ауылына көшіп келген. Осында 9 сыныпты бітірген Сахабиден Елубайұлы 1942 жылдың қыркүйек айында Қызыл әскер қатарына шақырылған. Тамбов жаяу әскер училищесін бітірген ол 1943 жылы 23 ақпан күні 108-дивизияның 539-полкының I-ротасында мино-метші болып соғысқа қатысады. Бірақ сол жылдың маусым айында қан майданда ауыр жаракат алуына байланысты әскерден боса-тылады. Сұрапыл соғыстан аман келген Сахабиден Елубайұлы қайтадан мектеп партасына отырып, 1944 жылы «Октябрь» орта мектебін бітіреді. Ал 1944-1945

оқу жылында мұғалімдердің жетіспеушілігіне байланысты «Қызыл тан» 7-жылдық мектебінде математика мұғалімі болып жұмыс істейді. Бұдан соң, 1945 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түседі. Отбасы жағдайына байланысты өз оқуында үзіліс жа-сап, 1947-1948 оқу жылында Пав-лодар облысы Горький ауданында оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеген. Әрі қарай оқуын жалғастырып, 1951 жылы 27 жа-сында ҚазМУ-ды бітіріп, жоғары білім алады. Сол жылы ҚазССР Оқу министрлігінің арнайы жол-дамасымен Қызылорда педагогика институтына келген ұстазымыз өмірінің соңына дейін осында ұзақ уақыт оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра менгерушісі, институт проректоры, факультет партия ұйымының хатшысы болып жемісті қызмет атқарды.

С.Елубаев Новосібірск мемлекеттік университеті мен КСРО ҒА Сібір бөлімшесі Есептеу орталығында КСРО ҒА ака-демігі Михаил Лаврентьевтің

ғылыми жетекшілігімен математиканың дербес туындылы диф-ференциалдық тендеулер үшін қойылған кері есептері саласын-да ғылыми жұмыспен айналысып, үздіксіз ізденіс үстінде бол-ды. Ол 1962 жылы кандидаттық, 1982 жылы докторлық диссерта-цияларын сәтті қорғап, 1966 жылы доцент, ал 1985 жылы профессор ғылыми атақтарын алды. Сахабиден Елубайұлының көптеген ғылыми еңбектері өскелең ұрпақтың мұрасы болып қалды. Мысалы, гальмның мына еңбектерін атап өтуге болады: «Об одной краевой задаче для уравнения гиперболического типа третьего порядка» (Сибирский математический журнал, 1961), «Об одной обратной задаче для телеграфного уравнения» (Док-лады АН СССР, 1969), «Теорема единственности одной обратной задачи для уравнения теплопро-водности» (Известия АН КазССР, 1978), «Некоторые обратные за-дачи математической физики» (Специальный курс, Новоси-бирск, 1985) және тағы басқалары. Оның соавторымен жазған «Ги-перболическое уравнение параболического типа» атты монографияның 3-ба-сылымы 2017 жылы Алматы қаласындағы «Эверо» баспасынан шықты.

Ұстаздың 80 жылдығына орай С.Елубаевтың туғанын орай ректор академик Қ.Бисенов ескерткіш такта орнатты. Университеттің №6 оқу ғимаратында профессор С.Елубаев атындағы №110 ауди-тория ашылды. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының орталығы – Ақтоғай кентіндегі жеңе туған жері – Қожамажар ауылындағы көшелерге 2010 жылы профессо-р Са

Телебағдарлама



Table with 5 columns: QAZAQSTAN, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: QYZYLORDA, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: KEG, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: 7, Евразия, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: KTK, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: ASTANA TV, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Table with 5 columns: 7, Дүйсенбі, 29 сәуір; Сейсенбі, 30 сәуір; Сәрсенбі, 1 мамыр; Бейсенбі, 2 мамыр; Жұма, 3 мамыр. Lists programs and times for each day.

Татуласудың тіні – туралықта

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңтайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арыпты керек.

Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастыру жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажет» – деп көрсетілген.

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы жария етілді.

«Медиация туралы» Заңның аясында сотта болатын азаматтық және қылмыстық дауларды сотқа жеткізбестен өзара бейбіт бітімге келу арқылы реттеп, сотта осындай дауларды 30

процентке дейін кеміту болып бекітілген.

Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни, өзара араз тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі, яғни, екі жақты татуластыру әрекеті.

2019 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, Жанақорған аудандық сотының құзырында қаралған әкімшілік істер бойынша 24, қылмыстық іс бойынша 9, азаматтық іс бойынша 8 арыз-шағым «медиация» тәсілімен тоқтатылып, тараптар келісім бойынша бітімгершілікке келген.

Қазақ қоғамының тарихында дау-дамайды аузы дуалы ак-

сақалдар ортаға салып, адамгершілік қағидаттарына қарсы келмейтін бітіммен шешкен. Халқымыздың «Тура биле тұған жоқ» дейтін сөзі сол аталарымыздың ақ-қараны айыруда ақиқаттан аттамағанын білдіреді. Демек, бітімгершілік ісінде билер институтына арқа сүйей отырып жасалатын жұмыстарымыздың мазмұнында бай тәжірибе бар.

Қазіргі таңда, осы ескі де есті жол сот саласында жалғасын тауып отыр. Міне, осы тұста «Сотқа дейін, сотта» атты республика көлемінде жүріп жатқан пилоттық жобаның нәтижесін айтуға болады.

Тәжірибелі медиаторлардың және білікті судьялардың ықпалымен ел ішіндегі арыз-шағым айтушы тараптар татуласып, «медиация» тәсілінің өз жемісін беріп келе жатқаны анық.

Р.БЕРКІНБАЕВ,
Жанақорған аудандық сотының жетекші маманы.

Балаларға қауіпсіз интернет

Жуырда облыс көлемінде «Қауіпсіз интернет» республикалық ақпараттық компаниясы ұйымдастырды. Кампания аясында Абылай хан атындағы №140 орта мектебі бірқатар шара өткізді.

Жібермей қадағалайтын болдык Бірақ, біз оның ұшан-теңіз пайдасынан гөрі зиянды



Кәмететке толмаған жасөспірімдерге әлеуметтік желі әлегінен орын алатын проблемаларды түсіндіруді мақсат еткен науқанда тақырыптық байқаулар ұйымдастырылып, сурет көрмесі өтті. Сонымен қатар бірқатар түсіндірме материалдары, жадинамалар таратылып, оқушылар арасында дебат ойыны ұйымдастырылды. Ата-аналарға «Интернетке тәуелділіктің алдын алу мәселелері», «Балаларды қалай қорғауға болады?», «Ақпараттық коммуникациялық желілердегі бала қауіпсіздігі» тақырыптарына қатысты қажетті кеңестер берілді.

Расында, қазір ғаламтордың арқасында дүниенің түкпіріндегі маңызды оқиғаларды қалт

тұсын да қаперге алуға тиіспіз. Әсіресе, балаларға келгенде осы дүниелерді ескере жүрген жөн.

А.ЕРНАЗАРОВА,
Қызылорда ҚББ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция майоры.



АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

2019-2020 оқу жылындағы талапкерлерді келесідей бакалавриат мамандықтары бойынша оқуға шақырады:

- Мұнай-газ ісі
- Геология және пайдалы кен орындарын барлау
- Геодезия және картография
- Жерге орналастыру
- Органикалық заттардың химиялық технологиясы
- Электр энергетикасы
- Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
- Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
- Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
- Химия
- Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
- Құрылыс
- Теңіз техникасы мен технологиясы
- Технологиялық машиналар және жабдық (салалар бойынша)
- Көлік, көліктік техника және технологиялар
- Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру

- Материалтану және жана материалдар технологиясы
- Стандарттау және сертификация (салалар бойынша)
- Автоматтандыру және басқару
- Ақпараттық жүйелер
- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
- Экономика
- Менеджмент
- Есеп және аудит
- Қаржы
- Маркетинг
- Оқу қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүреді.
- Оқу түрі**
- Күндізгі оқыту
- Күндізгі дистанциялық оқыту
- Студенттік жатақхана
- Оқу кітапханасы
- 40-қа жуық студенттік үйірмелер мен клубтар жұмыс жасайды
- Икемді жеңілдіктер жүйесі қарастырылған
- Дуалды оқыту**

АтМГУ «Ембімұнайгаз» АҚ, «Жігермұнайсервис» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС және «ҚазМГБҒЗИ» ЖШС кәсіпорындарымен бірлесіп, «Мұнай-газ ісі», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Технологиялық машиналар және жабдық», «Автоматтандыру және басқару», «Электр энергетикасы», «Геология және пайдалы кен орындарын барлау», «Көлік, көліктік техника және технологиялар» және «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша студенттерді дуалды оқыту жүйесін ендірі.

Біздің мекен-жайымыз:
Атырау к., Вокзал маңы мөлтек ауданы,
М. Баймұханов к., 45А,
Студенттер қалашығы,
Студенттер сарайы,
тел.: 36-70-15.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бағалау комитетінің 2016 жылдың 15 қарашасында АӨК/2321.А/00007801 шешімімен берілген)

Жастар жылына арналған «Ұлы даланың ұлы есімдері» шығармашылық байқауының аймақтық кезеңін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасымен бірлесіп отырып, Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» макаласының негізгі ережелерін жарыққа шығаратын Қызылорда облысының суретшілері арасында ең үздік өнер туындылары үшін байқау жариялайды.

Байқау Қызылорда облысы суретшілерін анықтауға, қолдауға және насихаттауға бағытталған. Байқаудың нәтижелері 2019 жылдың 19 маусымында жарияланатын болады.

Байқауға қатысушылар

Байқауға 18-ден 35 жасқа дейінгі жас кәсіби суретшілері және екі жас санатының өнертанушылары қатыса алады.

Байқау жұмыстарын қабылдау 2019 жылдың 31 мамырына дейін.

Тақырыбы: «Ұлы даланың ұлы есімдері» («Великие имена Великой степи»).

Міндеті: Қазақстан тарихында аға буын өкілдерінің жетістіктерін, аты аңызға айналған тұлғалардың бейнесін шығарма желісі арқылы ашып көрсету.

Жұмыстың талаптары:

- байқауға 2018-2019 жылдары орындалған жаңа түпнұсқа авторлық өнер туындылары қабылданады;
- бір автор тек бір туындыны ғана ұсына алады, сол үшін диптих пен триптих бір туынды деп саналады;
- туындылар талапқа сай орындалып және кол қойылуы тиіс (автордың аты-жөні, жұмыс атауы, техникасы, жылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде);
- байқау жұмысына қатысушы толтырған сауалнамаға (кестені қарау) қазақ немесе орыс тілдеріне электронды нұсқада өзінің жеке фотосуретін қосу керек;
- қосымша басқа жұмыстардың фотосуреттерін жазып (егер бар болса) электронды түрде ұсынуға болады;
- қазылар алқасы байқаудың жұмыстарын таңдаған жағдайда, автор байқауға түскен жұмыстарды С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясына. Мекен-жайы: Иса Токтыбаев түйегі №2

(бұрынғы әскери военкомат ғимараты), сенімді орап және тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Байқаудың талаптарына сай келмейтін жұмыстар ұйымдастыру комитетінің қарауына қабылданбайды. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізуге және көрмелерді ұйымдастыруға жетекшілік етеді, байқаудың жұмыстарын тәуелсіз қазылар алқасы бағалайды.

Байқаудың жүргізілу тәртібі:

I кезеңі: 2019 ж. 17 сәуір – қазылар алқасы және ұйымдастыру комитеті байқауды жариялайды.

II кезеңі: 2019 ж. 1 маусым – қазылар алқасы авторлардың байқауға түскен жұмыстарын қарауға қабылдайды.

Назар аудару: жұмыстар 2019 ж. 31 мамырға дейін қабылданады, мына мекен-жайда Қызылорда қаласы Иса Токтыбаев түйегі №2 (бұрынғы әскери военкомат ғимараты)

III кезеңі: 2019 ж. 19 маусым – байқаудың нәтижелерін шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

IV кезеңі: 2019 ж. – байқау жеңімпаздарының жеке көрмесінің ашылу салтанаты Елбасы кітапханасында (Нұр-Сұлтан қаласы) өтеді.

Қатысушының сауалнамасы

Аты-жөні	ЖСН және жеке куәлік / төлқұжат нөмірі
(көрме өтетін аумаққа жіберілетін тіркеуге рұқсат алуға арналған)	
Өлімі (қысқаша)	Жетістігі
жанры	жұмыстардың атауы
туындылардың өлшемі, техникасы және орналастыру ерекшелігі	байланысы (E-mail, тел.)

Ұйымдастыру комитеті: С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы.
Мекен-жайы: Иса Токтыбаев түйегі, №2 (бұрынғы әскери военкомат ғимараты).
Байланысу ақпараттары: 8 (7242) 27 29 14; 8 705 432 51 52; 8 775 701 60 50 Ашанова Перизат.

Жекеше әріптесті айқындауда конкурсты қайта өткізуді хабарлау және конкурс құжаттарының көшірмесін ұсыну туралы

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік - жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын жоспарлауды және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығы негізінде төмендегі 6 мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру мақсатында жекеше әріптестік айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды. Атап айтқанда:

- Арал ауданы Шыжага ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы;
- Қазалы ауданы Қаукей ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы;
- Қазалы ауданы Бозкөл ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы;
- Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы;
- Қармақшы ауданы Жанажол ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы;
- Жалағаш ауданы Мырзабай ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы.

1. Жобаның мақсаты: Ауылдық округтерінде халық тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуде, сапалы медициналық қызметтердің көрсеткіштерінә кол жеткізу, ауруханада стационарлық ағымын түсіру және алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру. Медициналық құрал-жабдықтар мен

технологиялық жабдықтарды қоса алғанда нысанды материалды-техникалық жарактандыру.

2. Жобаның құны:
Типтік жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес, әлеуетті жекеше әріптес амбулаторияның құрылысы «Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Іңкәрдария ауылында ауысымына 30 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» жобасы бойынша жүзеге асырылатын болады. 2011 жылғы 4 мамырдағы № 14-0096/11 от 04.05.2011 ж. мемлекеттік сараптаманы қорытындысы. Жобаны жана жер теліміне қайта пайдалану (байланыстыру).

3. Іске асыру мерзімі және кезеңі:

- Іске асыру мерзімі: 1) инвестициялық кезең - жұмыс жобасына сәйкес МЖӘ нысанын жеке кәсіпкер 4 ай салып, мемлекет меншігіне береді;
- 2) инвестициялық кезеңнен кейін - МЖӘ нысанын мемлекет меншігіне беріп және жеке кәсіпкер МЖӘ нысанына қызмет көрсетеді.

Жобаны іске асыруды бастау мерзімі –2019 жыл.
Аяқталу мерзімі- 2022 жыл.
Іске асыру кезеңі: 3 жыл
4. Мемлекеттік қолдау шаралары:
Инвестициялық шығындардың өтемақысы (ИШӨ), 3 жыл қолжетімділік үшін ақы төлеу.
2. Жобаның техника-экономикалық талаптары:
1) жер телімінің көлемі 0,3 га;
2) жалпы ауданы 369,4 м2;
3. Басты көрсеткіштері:
Амбулатория ғимараты бір ка-

батты, тікбұрышты 30,0x12,3м өлшемдерімен. Ғимараттың биіктігі – 3,0м.

Медициналық дәрігерлік амбулатория ғимараты функционалды түрде балалар мен ересектер жалпы практика бөлімі, күндізгі стационар, қосалқы кызмет кабинеттерінің топтарына бөлінеді.

Балалар мен ересектерді қабылдау үшін ауруханаға дейінгі қабылдау бөлмелері, медициналық қабылдау, оқу бөлмелері, процедуралық, сүзгі қорапшасы, оқшаулау бөлмесі, кышкыл жанау бөлмесі, талдау жүргізу бөлмесі, физиотерапия емдеу бөлмесі, ересектер мен балаларға арналған күндізгі стационар бөлмесі.

4. Ұйымдастырушының байланысу деректері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы Абай даңғылы №27 3-қабат, 310-кабинет, тел.: 8/7242/40-04-51, электронды пошта: uzdr.korda.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә: Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және медициналық қызметтің көлемін орналастыру бөлімінің бас маманы: М.Ш.Асанова.

5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: әлеуетті жеке серіктестердің біліктілік талаптарынан өту құжаттарын ұсыну - 12:00 сағат, 20/05/2019 ж., әлеуетті жеке серіктестің конкурстық өтінімін әзірлеу және ұсыну - 12:00 сағат, 05/31/2019 ж. тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу - 17:00 сағат, 31/05/2019 ж.

Мәңгі жадымыздасың, жаным



Өмір деген осы. Сүйіктіміз Еркінқызы Гүлнұрдың бұл өмірден ұшқан құстай мезгілсіз өткеніне 40 күн де өте шығыпты-ау.

Күні кеше ғана ортамызда мейірім шұағын шашып, жаркылдай күліп жүретін ауялы қызымыз бүгін арамызда жоқ. Оның бұл дүниеден кенеттен кетер деген ой өніміз түгелі түсімізге де кірмейтін. Тағдырдың жазмышына не шара?

Еркінқызы Гүлнұр 1978 жылы Теренөзек кентінде өмір есігін ашқан. Орта білім алған соң Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дан жоғары білім алып, қаржыгер-есепші мамандығын иеленген. Еңбек жолын осы институтта оқытушы болудан бастады. Бертін келе мемлекеттік қызметке ауысып, сан алуан салада абыройлы қызмет етті. Саралап айтар болсақ, Арал аудандық кәсіпкерлік бөлімінде бас маман, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында бас маман, Нұр-Сұлтан қаласында «Қазпочта» мекемесінде оператор болып қызмет етті.

Айналайын қызымыз әлдекімдер тәртізді қолдан мінез жасап, әлекке түспеуші еді. Жайсаң мінезі мен ақжарқын қалпынан айнымайтын. Қызымыз өмірден өткені «Гүлнұр болғанда ғой...» деп айтудан жаза баспай жүрумен келеміз. Ажал шіркіннің ұзын құрығы ортамыздан мезгілсіз алып кетпегенде арамызда жаркылдай күліп, жайрандай басып жүретін едің. Амаң не... Біздер ауялы қызымыздың бұл фәниден өткенін еске алып, құран бағыштаумен отырмыз.

Еске алушылар:
Әбілөткер әулеті.

Жәрмеңке өтеді



28 сәуір күні Қазалы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіледі.

Өткізу уақыты 09-00-ден 13-00-ге дейін.

Өтетін орны: Ғ.Мұратбаев көшесі (Қ.Ясауи көшесі мен Жанқожа батыр көшесінің аралығы).

Маман қажет

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі.

Байланыс тел.: 87770582469. (3-2).

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі ұжымы №2 мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Қайрат Нартайұлы Әбуовке анасы Майбілек Нұрғалиқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі


БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі -
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі -
тел: 8/7242/ 40-02-17,
40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары -
40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы -
70-00-81 (1037)
Бөлімдер:
руханият және ақпарат -
40-11-10 (1039, 1040)
экономика -
40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат -
40-11-10 (1034)
жарнама - 70-00-52,
40-11-10 (1058)
есеп-қисап -
70-00-39,
70-00-38
компьютер орталығы және
корректорлар -
40-11-10
(1036, 1035)

Газет 1929 жылдың
1 шілдесінен шығады.
Қызылорда облыстық
«Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
«Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес
сертификацияланған.
Авторларға қаламақы тапсырыс
бойынша төленеді, қолжазба
өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын
білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.
Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сәні)
(күндері) шығады.
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрілігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 12993-Г,
27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер
орталығында қатталып,
«Сыр медиа» ЖШС өз
баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон
нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Бейбарыс Сұлтан
көшесі, 4 «А».
e-mail: syrboyi@yandex.
kz / www.syrboyi.kz
Кезекші редактор
Айнұр БАТТАЛОВА.
Таралымы 29258
Тапсырыс №641
www.syrboyi.kz



АЛТЫН ТІН

Ұлт өнерін жарқыратқан – «Жыр мұра»

Биыл облыста Сыр
сүлейлерінің мақам-саздарын
жаңғырту, жыр-термелердің
жаңа тынысын ашу үшін
«Жыр мұра» жобасы басталды.
Жобаның жоспары нақты,
жұмысы жүйелі, алғашқы
жетістік те көңіл қуантады.
Ұлттық өнер жанашырларының
қатысуымен өткен «Жыр
мұраны» ашылу семинарында
алдағы мақсат пен ұсыныстар
талқыға түсті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА



«Диірменнің үстінгі тасын мың
айналдырсаң да, астыңғысы бір
айналмайды». Мұндағы үстінгі тас
алмағайып дүние болса, астыңғысы
халықтың тегі, мыңжылдық
мұра – ата дәстүрі. Ұлттың өзгеге
кнұып бере алмайтын, басқалар
тартып ала алмайтын баға жетпес
байлығы да – осы. «Жыр мұра»
бұл байлықты елге жарқыратып
ұсынудың жолын қарастыруда.

Жиында облыстық мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасының басшысы Мира
Әбуова өткен жылғы айтулы
жаңалық – Қорқыт ата мұралары
ЮНЕСКО-ның мәдени мұра
тізіміне енгенін атап өтіп, ендігі
міндет Қорқыт күйі мен аңыздарын
жүйелі түрде насихаттау екенін
еске салды.

Облыста Жыраулар
үйі Арал, Қармақшы, Шиелі
аудандарында ғана бар, ал Қазалы,
Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған
аудандарында жыр мектептері әлі
қалыптаспаған. Сондықтан, ендігі
жоспар – «Жыр мұра» жобасы
аясында аталған төрт ауданнан
жыр мектептерін, облыс бойынша
14 қобыз үйірмесін ашып,
осылайша жыр әлеміне жаңа
есімдерді таныту, – деді ол.

«Жыр елі» десе ұлт мұрасын
ұлықтаған жұрт еске түседі.
Басқарма басшысы өткен жылы
тәуелсіздік күніне орай, Елбасы
қатысуымен өткен мерекелік
шарада 30 қобызшы Сыр елінен
арнайы шақырылғанын да атап
өтті. Сондықтан, биыл облыстық
филармония жанынан қобызшылар
ансамблі құрылып, барлық
мәдениет үйлері мен клубтарда
қобыз үйірмелері ашылып, Қорқыт
мұрасын насихаттау бағытында
стендер дайындалады.

Жыл сайын облыстық, рес-
публикалық, халықаралық дең-
гейде қобызшылар конкурсы
өткізіліп, түркі әлеміне ортақ
тұлға Қорқыт туралы фильм,
анимациялық туындар дайындалса,
құнды мұраның бағасын биіктетіп,
келер ұрпаққа жеткізер едік.
Сондай-ақ, баба күйлері мен
аныздарын жас ұрпаққа таныту,
дәріптеу мақсатында мектептің оқу
бағдарламасына факультативтік
сабақтар енгізу туралы және 2021



жылды облыста Қорқыт жылы
деп белгілеу жөнінде ұсыныс
бермегіміз, – деді Мира Әбуова.
Жоба аясында шеберлік
дәрістерін өткізу үшін есімдері
елге белгілі жыраулар – Шолпан
Бимбетова, Ақмарал Ноғайбаева,
Берік Саймағанбетов, Майра
Сәрсенбаева, Руслан Ахметов,
Серік Жақсығұлов, Айдос Рах-
метов аудандарға жол тартпақ.
«Жыр мұраны» қорытынды
шарасы – ауқымды гала-концерт.
Ұлттық өнер кешінде халық
арасынан жинақталған жыр-тер-
мелер елге ұсынылып, қобыз
үйірмелерінің шәкірттері өнер
көрсетеді.

Ал жобаның алғашқы
нәтижесі – ел ішінде танымай
жүрген талантты өнерпаздардың
орындауындағы жыр-термелердің
жазып алынуы. Осы мақсатта
жыл басында «Ұлы дала төсіндегі
Сыр елінің фольклоры» атты
экспедиция облыстағы 7 ауданды
аралап, құнды мұраны жинақтап,
жазып алу ісіне кіріскен болатын.

Айталық, экспедиция бары-
сында Арал өңірінен атақты
Дәріғұл жыраудың шәкірті Берекет
жыраудың орындауындағы 40
минуттық мақам саз, Үмбетәлі
жыраудың баласы Тәжібай,
Жұбатов Қызылбай жыраудың
баласы Мықтыбай, Үркімбаев
Дайрабай ақсақалдардың әңгі-
мелері және осы өңірдегі жыршы-
жыраулардың терме толғаулары
жазылып алынған.
Қармақшы ауданындағы
сапарымыз жеті атасынан

жыраулық өнерді жанына серік
еткен Жиенбай жыраудың ұрпағы
Бидас Рүстембековтің тұшымды
әңгімесінен басталды. Сонымен
бірге, Тәйімбет Көмекбаев
ауылының ақсақалы Әлиақпар
әкемізден осы өңірден шыққан
Сыр сүлейлерінің өмір тарихы
туралы әңгімелері, Тұрмағамбет
ауылының тұрғыны Қалидулла
Сағыновтың жеке мұрағатынан
ескі мақам-саздар жазылған
таспалар алынды, – деді жоба
бастамашысы, облыстық халық
шығармашылығын дамыту және
мәдени-продюсерлік орталығы
«Дәстүрлі өнер» секторының
менгерушісі Майра Сәрсенбаева.

Алдағы уақытта ел арасынан
жинақталған бұл мақам-саздар
студияда өңделіп, әдістемелік
күрал ретінде жыр мектептеріне
ұсынылмақ.

Сондай-ақ, жиын барысында
мәдениет саласының ардагері
Байнияз Тілепов, Қазанғап
атындағы музыкалық колледждің
оқытушысы С.Пұсырманова,
Қармақшыдағы Қ.Рүстембеков
атындағы Жыраулар үйінің
директоры С.Жақсығұлов, жырау
Шолпан Бимбетова хабарлама
жасап, ұсыныстарын жеткізді.
Ал семинардың соңы жыр
мектептерінің тәжірибе алмасу
бағытындағы ашық сабақтарына
жалғасып, кішкентай өнерпаздар
«Қорқыт» күйлерін күмбірлетті.

«Сыр бойы».

«Бабалар рухына тағзым»



Шымкент қаласында «Баба-
лар рухына тағзым» атты рес-
публикалық танымдық жиын өтті.
Онда ұлт жанашыры, үш
мәрте Социалистік Еңбек ері
атанған Дінмұхамед Ахметұлы
Қонаевтың қайраткерлігі ұлық-
талды. Еліміздің барлық өңір-
лерінен келген өкілдер Д.А.Қонаев
есекерткішіне гүл шоқтарын қой-
ды. Қайраткер мұражайына саяхат
жасалды. Наурыз алаңында ұлы
қайраткердің құрметіне спорт жары-
стары ұйымдастырылып, өнер
шеберлерінің ән-күйіне ұласты.
Осы шарада «Д.Қонаев»
ордені Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері Ержан
Уайсқа және Өзбекстан басшысы
болған Шарап Рашидовтың қызы,
академик Саида Рашидоваға
тапсырылды.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Байқауда топ жарды

Фотокорреспондент Болат Омарәлиевтің бұрын еш
жерде жарияланбаған суреті республикалық байқауда
топ жарды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

Сырдың сырлы шежі-
ресін жасаған белгілі фото-
корреспондент Болат Омар-
әлиевтен сүйінші хабар жетті.
Облыстық басылымда та-
бан аудармай жарты ғасыр
еңбек еткен, дамылсыз ісса-
парларда жүріп, аймақтың
тарихи сәттерін таспаға
түсірген ағамызды әріптестері
кейде «жұмбақ жан» дейді.
Жарияланбаған суреттерінің

көптігіне байланысты осылай
атаған шығар. Жұртшылыққа
танымал ағамыз тағы бір мәрте
байқау жүлдегері атаныпты.
Қуанып қалдық. Бөкене мұндай
байқаулар есте таңсық емес!
Өйткені, ол бұған дейін де
талай-талай республикалық
байқауларда өзгелерден озды.
Тіпті кешегі кенес дәуірінде
одақтық конкурстардың жүл-
дегері атанғаны бар.

«Сыр бойы» газеті
ардагерінің осыдан 44 жыл
бұрын түсірген, еш жерде
жарияланбаған суреті «Ауыл»
партиясы ұйымдастырған рес-
публикалық «Ауыл нақыш-
тары» фотоконкурсында I
дәрежелі дипломымен мара-
патталыпты. Суретте Сары-
суға шопандардың көшу сәті
таспаланған. Елордада аталған
партияның төрағасы Ә.Бектаев
жұлдені ардагер ағамыздың
қызына табыс еткен. Қуанышты
бөліссен, көбейеді. Бәріміздің
мәртебемізді өсірген сүйінші
хабарды бізде елге жеткізуге
асықтық.

«Сыр бойы».



Қазақ руханиятының
жаршысы болып, тарихтан
тағылым тапқан, ойлы
оқырманның олжасына
айналған «Әлімсақ»
журналының шыға
бастағанына биыл 10 жыл
толып отыр.
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Тілшілердің тақта үстіндегі тартысы



Басылым ұжымы осы мерей-
той аясындағы салтанатты
шарадан соң оқырмандар кез-
десуін ұйымдастырды. Сонымен
бірге бұқаралық ақпарат құрал-
дары өкілдері арасында турнир
өткізді. Т.Жүргенов атындағы
шығармашылық үйінде жур-
налистер шахмат пен дойбы
ойыны бойынша сайысып, өзара
мықтыны анықтады. Тақта үстіндегі
тайталаста тілшілер тізгін тартып
қалмады. Ойлы ойында оза шабуға
тырысып, тартысты өнер көрсетті.
Дойбы сайысы қорытындысында
I орынды «Сыр медиа» қызметкері
Сәбит Көшербаев, II орынды
«Сыр бойы» газетінің аға тілшісі
Дүйсенбек Аяшұлы, III орынды
«Qyzylorda» телеарнасының тілшісі
Асқар Тәжиев қанжығаға байлады.
Ал, шахмат бәсекесінде
өзара мықтыны анықтау ұзаққа
созылды. Ақ пен кара айқасында
«Қызылординские вести» газетінің
бас редакторы Тимур Қасымов I
орын, «Qyzylorda» телеарнасының
қызметкері Нұржан Батыршаев
II орын, журналист Виталий
Скорняков III орынды еншіледі.

Жұлдегерлерді марапаттау сә-
тінде «Әлімсақ» журналының
бас редакторы Н.Көбегенұлы сөз
сөйлеп, өз ұжымының қуанышына
ортақтасқан әріптестеріне алғыс
білдірді. «Қызылорда қаламгер-
лер қауымдастығы» бірлестігі
демеушілік жасаған ақшалай
жұлделер мен дипломдарды «Сыр
медиа» ЖШС бас директорының
орынбасары М.Аралбаев тапсырды.